

**Сәтбаев қаласы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтерді бекіту туралы**

Ұлытау облысы Сәтбаев қалалық мәслихатының 2022 жылғы 28 қарашадағы № 235 шешімі. Қазақстан Республикасының Әділет министрлігінде 2022 жылғы 1 желтоқсанда № 30901 болып тіркелді

Қазақстан Республикасының Экологиялық Кодексінің 365-бабы 3-тармағының 3) тармақшасына, Қазақстан Республикасының "Қазақстан Республикасындағы жергілікті мемлекеттік басқару және өзін-өзі басқару туралы" Заңының 6-бабы 1-тармағының 15) тармақшасына сәйкес, Сәтбаев қалалық мәслихаты ШЕШТІ:

1. Сәтбаев қаласы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер осы шешімнің қосымшасына сәйкес бекітілсін.

2. Осы шешім алғашқы ресми жарияланған күнінен кейін күнтізбелік он күн өткен соң қолданысқа енгізіледі.

*Сәтбаев қалалық мәслихатының хатшысы*

*Т. Хмилярчук*

Сәтбаев қалалық мәслихатының  
2022 жылғы 28 қарашадағы  
№ 235  
шешіміне қосымша

**Сәтбаев қаласы бойынша халық үшін қатты тұрмыстық қалдықтарды жинауға, тасымалдауға, сұрыптауға және көмуге арналған тарифтер**

Атауы	Есептік бірлік	Теңге (қосылған құн салығымен)
Жайлы үйлер	1 тұрғыннан айына	309,99
Жайлы емес үйлер	1 тұрғыннан айына	319,99
Бірлігіне (көлеміне) жылдық тариф	1 м3	1859,99